

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Жаңабазар ауылы округі әкімінің 2024 жылғы 16 сәуірдегі № 13 "Жаңабазар ауыл округі, Тілектес және Қарабастау елді мекендерінің аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Жаңабазар ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 21 маусымдағы № 25 шешімі

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабының 1 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабыны 8) тармақшасына сәйкес, және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазығұрт аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2024 жылғы 18 маусымдағы № 02-05/172 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Қазығұрт ауданы Жаңабазар ауыл округі, Тілектес елді мекені З.Бостанов көшесі № 120 үйдің төрт бас уақ малының бас миының және З.Бостанов көшесі № 45 үйдің бір бас жылқы малының бас ми сынамасынан құтыру ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қазығұрт ауданы Жаңабазар ауылы округі әкімінің 2024 жылғы 16 сәуірдегі № 13 "Жаңабазар ауыл округі, Тілектес және Қарабастау елді мекендерінің аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Жаңабазар ауылы округі әкімі

А.Ақжолов